



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

вывод, что используются они чрезвычайно широко и неоднозначно. Основоположителем теории «общей образности» считается А.М.Пешковский, который полагал, что все слова в языке образны. Анализ научной литературы доказывает и то, что по данному вопросу в лингвистике синтезируются результаты научных исследований в области философии, психологии, искусства, литературоведения и риторики. Это является причиной расхождения во мнениях относительно понимания образности внутри лингвистики.

Система образов, метафорически реализованная в семантике единиц лексико-фразеологического уровня, регулярно воспроизводимая в актах коммуникации и формирующая языковую картину мира носителей языка, является образным строем языка.

Язык Эдгара Аллана По богат как лексическими образными средствами, так и идиоматическими выражениями, которые в союзе образуют образный строй его произведений.

Список использованной литературы

1. Борисова Е.Б. - Художественный образ в английской литературе XX века: типология – лингвопоэтика – перевод.- диссертация на соискание ученой степени доктора филологических наук. – Самара, 2010
2. Е.А. Юрина - Образный строй языка. – Томск: Изд-во Том. Ун-та, 2005.-156 с.
3. Edgar Allan Poe – SELECT TALES – International bibliothek Berlin 1922
4. Кунин А.В. Английская фразеология: Теоретический курс. – Москва: Высшая школа, 1970. –343 с.
5. Арнольд И.В.Стилистика. Современный английский язык: Учебник для вузов. — 4-е изд., испр. и доп. — М.: Флинта: Наука, 2002. — 384 с.

УДК 821.512.122.09

ӘДЕБИ СЫН ӘДЕБИ ШЕБЕРЛІКТІҢ БІР ТҮРІ

Салимова Эльвира Рамазановна

Elvirasalimova1991@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің,

Шетел Филологиясы мамандығының магистранті

Ғылыми жетекшісі – А.Е.Біжкенова

“Сын қоғамның тәрбиешісі болуы тиіс.”

В.Г. Белинский

Көркем әдебиеттің қыр-сырын танып-білуде әдеби сынның орны ерекше. Әдеби сынға қатысты біршама еңбектер жазылып, ғылыми тұрғыда сараланып, сыншылық қызметтері зерттелді. Сынның ғылыми, идеялық, көркемдік дәрежесін зерттеу кезінде оның ұзақ жылғы даму барысында қалыптасқан өзіндік құрылымы, даму заңдылығы, тарихы барын ұмытпау керек.

Әдеби сын әдеби туындының заманауи маңыздылығына қарай белгілі бір әдеби бағытқа қарасты оның шығармашылық принциптерін айқындау және бекіту онымен қоса, оның мағынасын ашу, түсіндіру және ең маңыздысы оны бағалау болып табылады. Әдеби сын әдебиеттанудан бастау алып, әдебиет тарихына келіп тіреледі, бірақ оның әдебиет тарихынан ерекшелігі, ол қазіргі заманғы әдебиетті қарастырады немесе классикалық туындыларды қазіргі заманауи қоғамдық және шығармашылық көзқарасқа байланысты түсіндіреді. Сын алғаш әдебиет туралы пікір білдіріп, жаналық пен олқылықты барлап, ғылымға шикізат жинайды және көркем әдебиетке бағыт-бағдар беріп, жол салады. Ол әдебиеттану ғылымына қажетті деректер, материалдар, пікірлер жинап, ғылымның іргетасын қалайды. Сында артық, кем пікірлер айтыла береді. Ал ғылымда күдік бомайды, ол сын

айтылатын пікірлерді қорытып, тұрақты баға береді.

Сын (критика) сөзінің өзіне келетін болсақ, ол грек тілінен аударғанда *kritike* – көркемөнерді талдау, бағалау деген мағына береді. Әдебиет туралы сыни ой-пікірлер сынның өзімен бірге туындады, алғашында ол қадірлі, көпті көрген оқырмандардың ой-пікірі болатын. Ол көне заманда Грецияда, Римде, Қытай мен Үндістанда ерекше кәсіби іс ретінде бөлініп, әдеби туындыларды бағалайтын, авторларды мінейтін немесе мадақтайтын, кітапты басқа оқырмандарға оқуға ұсынатын қосымша шығармашылық өнердің бір түрі ретінде бастау алған болатын.

Ал Батыстағы әдеби сынның тарихына келетін болсақ, ол әдеби мектептер мен бағаттардың тарихымен тығыз байланысты, сол кезеңдегі әләуметтік қарым-қатынас пен келіспеушілік туралы өз пікірін тура және жанама түрде көрсету болатын. Сол кездегі танымал сыншылар мен жазушылар, әдебиеттің даму бағдарламасын ұсынып, оның қоғамдық және эстетикалық принциптерін қалыптастыруда орны толмас еңбек атқарған болатын (мысалы: Д.Дидро, Г.Лессинг - 18 ғ-да, Ж.де Сталь, Г.Гейне, В.Гюго, Э.Золя -19 ғ-да).

19 ғасырдың I жартысынан бастап сын Еуропада әдеби кәсіптің бір түрі ретінде ерекше орын алды, сол кездерде беделді сыншылар қатарына: Францияда Ш.О.Сент-Бев, И.Тэн және Ф.Брюнетьер, Англияда М.Арнольд, Данияда Г.Брандес жатты. Ал АҚШ-та әдеби сынның айқын жетістіктері 20 ғасырдың I жартысына бетпе-бет келеді, ол кезең В.Л. Парингтонның және Ван Вик Брукстың есімдерімен тығыз байланысты.

Әдеби сынның Ресейдегі алғашқы қадамдарын 18 ғасырдың ортасында М.В.Ломоносовтың, А.Д. Кантемирдің, В.К.Тредиаковскийдің еңбектерінен көруге болады. Сынға алғашқы рет қоғамдық мағына беріп, мүмкіндіктері мен ауқымын кеңейткен Н.М.Карамзин болатын. Ең алғаш әдеби сынның жоғары дәрежелі көрінісін А.С. Пушкиннің және Н.В. Гогольдің әдеби прозаларынан көруге болады. Сонымен қоса В.Г.Белинский өз еңбектерінде сыни реализмді, әдеби туындының шығармашылық идеялары мен образдарын, жазушының шығармашылығының тарихпен және қоғаммен байланысты екенін көрсетті. Ал Н.Г. Чернышевский мен Н.А.Добролюбов әдеби сынның өмір туралы ой-пікір екенін, оның барысын, әләуметтік түрін, оны жазушының туындыларын айғақ көруге болатын нақ дәлелдеп, оны өздерінің ең басты міндеті ретінде бетке ұстады. 60-70 жылдардың рефолюциялық-демократиялық сыншылары (Чернышевский, Добролюбов, Д.И. Писарев, М.Е.Салтыков-Щедрин) Белинскийдің жолын қуып, әдебиетті басыбайлылыққа (крепостничество) қарсы қолданып, халықты азат етуде орны толмас еңбек атқарған болатын.

Қазақ әдеби сынының пайда болуына зер қоятын болсақ, қазақ халқының сөз өнеріне мән беруі, сөзге тоқтау қасиеті ерекше. Қазақ шешендері мен билерінің, ақын-жырауларының ұлттық талғаммен бірге эстетикалық көзқарастарды дамытудағы рөлі, тұлғасы, болмысы қазақ әдеби сынының тарихының басталуына себепші болған. Тарихта Бөлігірік би семсер тілді шешендігімен, билік, кемім аутуда тапқарлығымен көзге түссе, сөз атасы Майқы би тіл жүйріктігімен сөз өнерін керемет меңгерген. Халық ауыз әдебиетіндегі әдеби сынның көрінісі, Батырлар жырындағы көркем ойлар, ертегілердегі сыни пікірлер, мәтелдегі тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, аңыз-әңгімелердегі суырып салма айтқыштық пен тапқырлық, айтыс өнеріндегі сөз құдіретінің ерекшелігі, сөз байлығы әдеби сынның тууына септігін тигізген [2;20-21бет].

Қазақтың алғашқы сыншылары: Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Ахмет Байтұрсынов әдеби сынды ілгері дамытып, сыни ойдың қарлығаштары болды. Жазба әдебиеттегі Міржақып Дулатовтың “Бақытсыз Жамалы”, Ахмет Байтұрсыновтың “Маса” жинағы, “Қазақ” газеті, Мағжан Жұмабаевтың поэзиясы “өнер алды – қызыл тілдің” ерекшеліктері, қазақ әдеби сынының классикалары десек те болады. Көркем әдебиеттің дамуындағы сын 40-жылдардың соңына қарай Т.Жароковтың «Зиянды кітап», «Есеп пе, есек пе?», Т.Нұртазиннің «Жаңылыс қадам, жалған бағыт», С.Төлешевтің «Қазақ әдебиетін зерттеудегі елеулі қателіктер мен кемшіліктерді батыл және тез жояйық», С.Бәйішевтің «Профессор М.Әуезов өткендегі қателіктерінің шырмауында» - әдеби сын қазақ әдебиетіндегі ұлтшылдықты әшкерелеуге кірісті. Ұлттық әдебиеттің, әдебиеттану

ғылымының дамуындағы сынның орны ерекше екенін атап өтпеуге болмайды. Сын философиялық, саясаттық, эстетикалық, әлеуметтік сипатта да өз орнын тауып, әртүрлі жанрларда заманына сай әдебиеттерті сынап халыққа арқау болуда [1;12 бет].

Ғылыми шығармашылықта туындының мазмұны ғана емес оның құрылысы да зерттелуі тиіс, соның ішінде тарихи-әдеби, сыни еңбектердің құрылысына зең қоймай кету үлкен қателік болып табылады. Әрине, әдеби еңбектердің ішінде көбінесе көркем шығармаларды талдайды, әсіресе оның идеялық болмысын сол кездегі қоғамдық өмірдің аясында қарастырады, оның құрылымын басқа көркем әдебиеттердің құрылымымен салыстыра отырып, оны бағалайды және сынайды.

Әдебиеттанушының әсіресе әдеби сыншының жеке күйзелісі оның еңбектерінде орын алады, себебі сыншы жазушы секілді оқырманға идеялық және эстетикалық түрде ықпал етуді мақсат етіп қойып, туындыға қатысты өз ой-пікірін дәлелді және айқын көрсетуге тырысады. Егерде сыншы оқырманға әлеуметтік және эстетикалық идеяларды дәлелдей отырып, оны айқындай алса, оқырман сыншымен бірге қуанып, онымен бірге күйзеліске түске алады, ол әрине сыншының шеберлігіне байланысты. А.В.Луначарский әдеби сыншы туралы былай жазған болатын: “.....ол сол туындыны оқыған кездегі өзінің әрбір жандүниесінің күйзелісін, жүрегінің соғысын, әр ой толғамын өз еңбегінде қаламның ұшымен жаза отырып, оқырманға өз сезімін сөз арқылы жеткізе білу керек. Оның сыни мақалалары мен сыни лекциялары ерекше бір көркем шығармаға айналу тиіс, себебі көркем шығармалардың көпке кең және терең ықпал ететіні ешкімге жұмбақ емес” [4; 38 бет]. П.А.Бибииков өз заманында “Белинский сыни және эстетикалық мақалаларында көркем шығарманың бар сұлулығын бізге аша отырып, көркем шығарманың өзі қандай әсер қалдырса дәл сол әсер қалдырардай оны сынай білген. Жүректің соғысының жиілігіне қарай, сынның қаншалықты көркем екендігін көруге болады” – жазған болатын [5; 26 бет].

Әдеби сыншы әдебиеттанушыдан мақалаларының тек заманауи еңбектерге (мысалы: ғылыми диссертация) бағытталуымен ғана емес, сонымен қоса мақалаларының тәжірибелік бағытының жазушы мен оқырманда болуында. Сыншы шығарманы насихаттайды, оқуға үгіттейді, құндылығын атап өтіп, кемшіліктерін дұрыстайды, кеңес береді және іріктейді.

Алайда, әдеби сынның ғылыми және көркем шығарманың ағыны екенін көптеген әдебиеттанушылар атап өткен болатын. И.Груздев “Сын іскерлік және көркем прозаның аралық жанры болып табылады” [7;177 бет]. В.Милч “Сын – ғылым, себебі ол білімге, танымға жетелейді, ол – өнер, себебі ол көркем.”

Қазіргі заманғы сынға келетін болсақ, оның өз кемшілігі мен стандарттылығы аз емес, оны біз құрылымға ысырып тастай алмаймыз, оның себебі туындының құрылымы оның мазмұнымен тығыз байланысты, егер мақаланың мазмұнының өзі сүреңсіз болса, ешқандай құрылымдық айла тәсілдер оны көркем шығармаға айналдыра алмайды. Әрине, сындық шеберлікке ие болу үшін салт-сананы меңгеру, көненің ұлттық мұрасына сүйеніш болу үлкен рөл атқарады. Сындық мұраның мазмұнын ғана емес оның құрылысында меңгеру керек екені туралы аз айтылған жоқ. И.Груздевың Сын – еңбек атты мақаласында сынның құрылымына қарасты меңгерілген сын Орыс әдеби сынының эволюциясының және қорының тұтас бір көрінісін береді атап өткен. Бұл мәселені шешпей дәл қазіргі кезде сында алдағы уақытта ілгерілету қиынға түсуі ықтимал. Б.С.Рюриков II Бүкілодақтық жазушылар съезіндегі баяндамасында Белинскийдің, Салтыков-Щедриннің, Добролюбовтың мақалаларының әртүрлі құрылымдығын мысалға келтіріп, полемиканы қолданудағы шеберліктерін көрсетіп, сол кездегі заманауи сын олқылығын атап өткен болатын.

Ең бірінші болып әдеби сынның құрылымының теориясын Л.П.Гроссман қарастырған болатын. Ол Әдеби сынның жанрлары атты мақаласында сыни еңбектердің 17 түрін талдап көрсеткен болатын: 1) әдеби портрет; 2) философиялық эссе; 3) импрессионисттік этюд; 4) трактат-тақала; 5) баспа және үгіт-насихаттық сын (нұсқау-мақала); 6) сыни фельетон; 7) әдеби шолу; 8) рецензия; 9) сыни әңгіме; 10) әдеби хат; 11) сыни диалог; 12) пародия; 13) жасушыға памфлет; 14) әдеби параллель; 15) академиялық мінездеме; 16) сыни монография; 17) глосса-мақала [2; 9 бет].

Ал М.Я.Поляков болса сыни жанрларды, мақалалардың құрылымы мен композициясын әдеби фактілер мен мәселелерге қарасты принциптермен саралап, топқа жіктеген болатын: 1) интерпретациялық түрі (бұл типте әдеби фактінің әлеуметтік және әдеби мәселеге қозғалысы мақаланың негізі ретінде алынады); бұған Белинскийдің 40 жылдардағы көптеген мақалалары жатады; 2) идеологияланған (бұл түрде мақаланың мазмұны күрделі пікірден әдеби фактіге өтеді); бұған мысал ретінде шолуды алуға болады; 3) үшінші типте фактіден фактіге көшу көрініс табады, мысалы: әдеби портрет, философо-сыни этюд, рецензия; 4) рефлексивтік және полемикалық жанрлар, бұл жанрларда фактілерге өте сирек тоқталады, бірақ ең бастысы сыншының тұлғасы белгілі бір идеологиялық позицияға байланысты қарастырылады, сол себепті бұл мақалалардың мазмұны бір мәселеден келесі мәселеге көшіп отырады. Бұл сұрұптау принципін құндылығы жанрлық градацияға мақаланың композициялық құрылымын қосу; мақаланың даму сюжетін оның жанрлық еркшелегімен байланыстыру. болып табылады. Бірақ сыни тәжірибеде мұндай таза еңбектерді атап өту мүмкін емес [2; 10 бет].

Әдеби жанрлардың құрылымын сұрұптаудың басқа амалдары да бар. Сонымен қатар барлық жанрларға қандай да бір белгілерімен саралану бойынша қайшы келетін бірегей жанрларда бар; мысалы: сыни жасанды сыншының көмегімен нысананы ойдан шығару арқылы өзінің антиподтарымен шынайы өмірде бар шығармашылықтарға мінездеме болып келеді.

Сын жанрының қалыптаса бастағандығы, елеулі табысқа жетуі, көркем әдебиеттің бар жанрда ілгерілеуі, сын жанрының әсер етуі. Сын тақырыбының ауқымы кеңіп, талдау тереңдігінің артуы, кәсіби сыншылардың көбеюі. Сынның жеке ақын, жазушылар шығармашылығына байланысты дамуы. Әдеби сын өнер мен әдебиет шығармашылығындағы әдемілік пен кемшілікті ашатын ғылым, жылжымалы эстетика. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2007 жылы 7 маусымда Қазақстан жазушыларының құрылтайында “Бізге мықты әдебиет керек, мұны оңғарудың басты жолы әдеби, көркем сынды құлдыратудан құтқарып, көтеру”, - деген болатын.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Кәкішев Т. Сын сапары. А., 1971, 12-13 бет.
2. Кәкішев Т. Қазақ әдебиетінің сынының тарихы. А., 1982, 20-21 бет.
3. Егоров Б. О мастерстве литературной критики., 1980, 9-10 бет.
4. Луначарский А.В. Русская литература. Избранные статьи. М., 1947, 38 бет.
5. Бибииков П.А. О литературной деятельности Н.А.Добролюбова. СПб., 1862. 26 бет
6. Рюриков Б.С. Основные проблемы советской литературной критики. М., 1954, 27, 52 бет
7. Груздев И. Критика как труд. – “Звезда”, 1927, №3, 177 бет.
8. Штейнгольд А.М. Диалогическая природа литературной критики // Русская литература 1988. №1. 60-79 бет.

УДК 81'373:070.4=11

СТРУКТУРНО – СЕМАНТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКИХ ЕДИНИЦ НА МАТЕРИАЛЕ АНГЛИЙСКОЙ ПРЕССЫ

Сатылганова Аида Болатқызы

kaorigirl@mail.ru

Студентка филологического факультета ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель - Жуманбекова Н.З.

Фразеология (от греч. φράσις — выражение и греч. λόγος — понятие, учение) — 1)